

# Жетісу университеті

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI  
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

## ▶ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

### Біздің оқытушылар үздіктер қатарында!

ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастырған «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» байқауында Жетісу университетінің төрт оқытушысы: Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Рысқұл Тасболатова, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) Мамиля Жакыпбекова, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент) м.а Айгүл Алдабергенова, философия докторы (Ph.D), қауымдастырылған профессор Дәурен Бекежанов жеңімпаз атанды.

Білім және ғылым вице-министрі Қуаныш Ералиевтің айтуынша, конкурсқа 76 жоғары оқу орнынан 718 үміткер қатысқан. Конкурста электронды оқу ресурстарын, оқу материалдарын өзірлеу және жариялау, отандық және халықаралық журналдардағы ғылыми жарияланымдар, өнертабысқа патенттердің болуы және т.б. сияқты көрсеткіштер бағаланды, сондай-ақ үміткердің оқыту сапасы, оның бакалавриатта, магистратурада және докторантурада кадрлар даярлау қызметіндегі еңбегі бағаланған. Қазақстандық 45 ЖОО-ның 150 оқытушысының әрқайсысына 2000 АЕК көлемінде сыйақы (шамамен 6 млн теңге) және тәсбелгі беріледі.

Оқытушылардың беделін арттыру және кәсіби дамуға ынталандыру мақсатындағы байқау ҚР БҒМ-нің ақпараттық жүйе базасында өтті, оның көмегімен қатысушылар барлық кезеңнің ашықтығын бақылай алды. «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2021» байқауына қатысу үшін өтінімдер мен құжаттар да электрондық форматта қабылданды. Комиссия құрамында үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының, студенттік және жастар ұйымдарының, ЖОО қауымдастықтарының өкілдері және білім беру саласындағы сарапшылар болды.

Әріптестерді айтулы жеңісімен құттықтаймыз!!!



Рысқұл ТАСБОЛАТОВА



Мамиля ЖАКЫПБЕКОВА



Дәурен БЕКЕЖАНОВ



Айгүл АЛДАБЕРГЕНОВА

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕН ЖҮДЕЛІ ОРАЛДЫ



2 бет

## ТАЙНЫЙ ШЕХ



4 бет

## КРАСОЧНАЯ ЖИЗНЬ



5 бет

## АНА ЖИЗНЕТІ



7 бет

## 2022 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНАН БАСТАП СТУДЕНТТЕРДІҢ ШӘКІРТАҚЫЛАРЫ АРТАДЫ

### ЖОО СТУДЕНТТЕРІ

2021-2022 ЖЖ.

2022-2023 ЖЖ.

ҚАЗІР: 31 423 ТЕҢГЕ

БОЛАДЫ: 36 660 ТЕҢГЕ

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕР

ҚАЗІР: 50 400 ТЕҢГЕ

БОЛАДЫ: 58 800 ТЕҢГЕ

### МАГИСТРАНТТАР

ҚАЗІР: 76 950 ТЕҢГЕ

БОЛАДЫ: 86 987 ТЕҢГЕ

### ДОКТОРАНТТАР

ҚАЗІР: 172 500 ТЕҢГЕ

БОЛАДЫ: 195 500 ТЕҢГЕ

20% АРТАДЫ

15% АРТАДЫ

## ШӘКІРТАҚЫ КӨБЕЙЕДІ

2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап студенттердің шәкіртақысы бакалаврларда 20%-ға, магистранттар мен докторанттарда 15%-ға артады. Өткен жылы стипендия дәл осындай мөлшерде өскенін еске алсақ (15% және 20%), жастарды жоғары білім алуға ынталандыру бойынша мемлекет саясаты бірте-бірте іске асып келе жатқанын көруге болады.

Қыркүйек айынан бастап педагогика мамандарын даярлау бағыты бойынша оқитын студенттер 58 мың теңгеден астам, басқа бағыттар бойынша білім алатындар 37 мың теңгеге жуық шәкіртақы ала бастайды. Магистранттардың шәкіртақысы 86 987 теңгеге дейін, докторанттардың шәкіртақысы 195 000 теңгеге дейін өседі. Бұл туралы ҚР БҒМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Әділет Тойбаев мәлімдеді.

## МИНИСТРЛІК ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ  
ГРАНТТАРЫНЫҢ САНЫ  
5 МЫҢҒА АРТАДЫ

2022 жылы қазақстандық ЖОО-нда оқуға арналған білім гранттарының саны тағы 5 мыңға артады. Осылайша, гранттардың жалпы саны 61 мыңға дейін жетеді.

2021 жылы кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы 5 мыңға, яғни 51 мыңнан 56 мың грантқа дейін көбейтілген. Жаңа гранттар студенттер арасында сұранысқа ие және қажет мамандықтарға бөлінеді.


Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жоғары білім алатын адам санын арттыру үшін 2025 жылға дейін білім беру гранттарының саны кезең-кезеңімен тағы да 15 мыңға артады.

Сондай-ақ білім беру гранттарын бөлу кезінде азаматтардың әлеуметтік осал санаттары үшін бірқатар квоталар көзделген. Яғни, көпбалалы немесе толық емес отбасылардан шыққан балалар, сондай-ақ ерекше қажеттіліктері бар бала өсіріп отырған отбасынан шыққан талапкерлерге грант алу үшін әлдеқайда көп мүмкіндік беріледі.



2022 ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ  
ГРАНТТАРЫНЫҢ САНЫ 5 МЫҢҒА  
АРТАДЫ

bilim\_jane\_gylym

1,5 МЫҢ СТУДЕНТ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАРДА  
ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУ ФОРМАТЫНА КӨШҮ  
СТУДЕНТТЕРДІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ  
ҮЛГЕРІМІ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ  
ОҢ ӘСЕРІН ТИГІЗДІ

bilim\_jane\_gylym

Дәстүрлі оқыту форматына көшу студенттердің академиялық үлгерімі мен белсенділігін арттырды.

Оған мысал ретінде 51 жоғары оқу орнының 1,5 мың студенті халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпазы атанғанын айтуға болады.

Сондай-ақ оқу жылының басынан бастап 26 ЖОО-ы базасында 108 мамандық бойынша студенттер арасында республикалық олимпиадалар ұйымдастырылды.

Бұл ретте қашықтан оқыту элементтері де қолданылады: Атап айтсақ, цифрлық платформаларда контентті толтыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр, барлық жоғары оқу орны LMS (Platonus, Moodle, Canvas, Univer және т. б.) платформаларына қосылған, 800-ге жуық виртуалды зертхана құрылды,

90 ЖОО-ы прокторинг, 96 ЖОО-ы қарыз алуды анықтау жүйелерін пайдаланса, студенттер 94 ЖОО-нда пәндерге, 78 ЖОО-нда жатақханаға электрондық жүйе арқылы тіркеле алады. Білім беру форматы ретінде «онлайн оқытуды» енгізу мәселесі пысықталып жатыр.

Бүгінде жоғары оқу орындары платформаларында 2,6 млн-ға жуық электронды оқулық, 5 мыңнан астам электронды оқыту бағдарламасы орнатылған, 200 мыңға жуық бейне-дәріс пайдаланылады, сондай-ақ 2021 жылы 54 ЖОО 1,5 мыңға жуық жаппай ашық онлайн курсы өзіндік.

## ГУМАНИТАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ

БАҒЫТТАУ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

21 қаңтарда гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің филологтарды даярлау білім беру бағдарламасы «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Филология» мамандықтарының 3-4 курс білімгерлеріне бағыттау конференциясын өткізді.

Онлайн форматтағы конференцияға кафедра меңгерушісі Шара Қыяхметова, практикаға жауапты мамандар Ләззат Чалтикенова, Дана Есимбекова және жетекші-әдіскерлер қатысты. Білімгерлерге өндірістік және педагогикалық практикалардың өзіндік ерекшеліктері, қажетті құжаттары бойынша әдістемелік нұсқаулар берілді. Іс-тәжірибенің мақсаты мен міндеттері түсіндіріліп, педагогикалық этика мәселелері жайында сөз қозғалды. Конференция барысында білімгерлер өздерін толғандырған сауалдарды қойып, мамандардан тиісті жауап алды.



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ТУРНИРДЕН  
ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы осы сала қызметкерлері арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнап шахмат пен тоғызқұмалақтан республикалық турнир өткізді. Нұр-Сұлтан қаласында өткен жарыста облыстық додаларда жүйрік деп танылған 65-ке жуық қызметкер бақ сынады.

Алматы облысы атынан университетіміздің қызметкері, Жаратылыстану ғылыми бағыты бойынша білім беру бағдарламаларының әдіскері Жемісжан Иманғазина қатысып, шахматтан әйелдер арасында 3 орынға ие болды. Әріптесімізді жеңісімен құттықтаймыз!

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
ШЕБЕРЛІКТІҢ  
ҚЫСҚЫ МЕКТЕБІ

18–21 қаңтар аралығында Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-әдістемелік бөлімі, білім беру бағдарламаларын жаңарту жобалық офисі, үздіксіз білім беру институты мен жоғары мектептердің ұйымдастыруымен педагогикалық шеберліктің Қысқы мектебі өтті.

Мектептің негізгі мақсаты – университеттегі профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби шеберлігін арттыру, оқу процесіне жаңартылған білім беру мазмұны мен инновациялық технологияларды енгізу бойынша жұмыс мазмұнын жетілдіру.

Педагогикалық шеберліктің Қысқы мектебі шеңберінде өткізілетін семинарлар мен шеберлік-сыныптар барысында семинарға қатысушылар білім беру бағдарламаларын әзірлеу, оқу жетістіктерін бағалау, оқу процесінде заманауи цифрлық технологияларды қолдану, виртуалды зертханаларға арналған білім беру ресурстары мен жаппай ашық онлайн курстарын әзірлеу және пайдалану дағдыларын жетілдірді.



## ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

ИНТЕРНЕТ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ  
ТИМДІЛІГІ

24 желтоқсан күні Дене шынықтыру және өнер факультетінде жалпы даму бойынша білім беру бағдарламасының профессор-оқытушыларының қатысуымен «Қазіргі жағдайда бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернет технологиялардың оқыту мен оқудағы тиімділігі» атты семинар өтті.

Семинарда жалпы даму бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі, PhD докторы Э. Баженова білім беру жүйесіндегі ақпараттық қоғам мен Интернеттің негізгі мазмұнын және семинардың негізгі бағыттарын таныстырды. Оқытушысы-ассистент Ж.Ахметовтың Қазіргі жағдайда ақпараттық қоғам құру мәселелері,

оқытушы-лектор, п.ф.к. А. Құрақбаеваның «Қазнет интернеттің үлкен саласы және оның сегментінің бірі» атты баяндамалары тыңдалып, талқыланды.

Әскери ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің Алғашқы әскери дайындық кафедрасының профессоры Б.Жақыпақынов «Бастапқы әскери дайындық» білім беру бағдарламасының студенттеріне on-Line режимде сабақ ұйымдастыру және өткізу тәжірибесімен бөлісті. Оқытушы-лектор С.Сәрсенбаев Талдықорған қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің модераторлары Т. Омаров және М.Есбаевпен бірге «On-Line режимде дене шынықтыру сабағын ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері» атты презентация ұсынды.

ИЛИЯС МҰРАЛАРЫ

2021 жылдың 27 желтоқсанында белгілі журналист, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Сағатбек Медеубекұлы жыр құлагері – Илияс Жансүгіровтің «Жетісу суреттері» өлеңінің «Жер түгі» бөлімінде аталған өсімдіктердің тізімін жасап шыққанын айтып, өзі білетін, ақын өлеңінде аталмаған өсімдіктердің атын жазып facebook парақшасында пост жариялады. Оқырмандарын да осы іске үлес қосуға шақырып өздері білетін өсімдіктерді атауға шақырды.

«Мағауя ағамыз ойымызға түрткі болды. Ойға ой жалғау үшін қазақ поэзиясының құлагері Илияс Жансүгіровтың «Жетісу суреттері» топтамасындағы «Жер түгі» деген бөлімінен мына өсімдік атауларын әдейі тізіп шықтым:

- 1.Қарағай; 2.тал; 3.долана; 4.ұшқат; 5.шетен; 6.ырғай; 7.арша; 8.ақсасық; 9.қызылқайың; 10.барша; 11.шынар; 12.шыраанақ; 13.сөңке; 14.терек; 15.сөгет; 16.өмен; 17.үйеңкі; 18.шырғай; 19.балғын; 20.тораңғы; 21.сарыағаш; 22.қойқарақат; 23.жиде; 24.тобылғы;



қолданушылары көптеген өсімдіктің атауын атап, кейбірі суретін де салып, жалпы саны 216 өсімдіктің атауы тізімделіпті.

«Қадірлі достар! Илияс ақын өлеңге қосқан жер түгінің қазақы атауларын түгендеп көрелікші деген талпынысымызды қолдап, өз тараптарыңыздан игілікті іске үлес қосқандарыңыз үшін рахмет. Қазірше 216 өсімдік атын тізіп қойдық. Бұл тізім толығына сенімдімін. Бұлардың қатарына жеміс-жидектер мен көктат, көкөністер атаулары толық енген жоқ әлі. Мәселе «Мұны қалай игілікке жұмсаймыз?» деген сауалға орынды жауап табуда.


Сіздер не ұсыныс айтасыздар?» Илияс ақын атап шыққан Жетісу өсімдіктерінің жалпы саны 90 ға жуықтайды екен. Бұл құлагер ақынның қазақ әдебиетіне ғана емес, қазақтың биология ғылымына да қосқан үлесі деп білеміз. Сол себепті автордың «Мұны қалай игілікке жұмсаймыз?» деген сауалына жауап табу мақсатында «Жетісу университеті» газеті университеттегі «Илиястану» ғылыми орталығы мен Жаратылыстану ғылыми бағыт бой-

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

БІЛІКТІ КАДР  
ЕЛ ДАМУЫНЫҢ  
КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа жолдауында: «Жалпы экономикалық дамуымызда оң үрдіс бар екені сөзсіз. Алайда, бүгінгі ахуалдың өлі де күрделі екенін ашық айтуымыз керек» – деп, экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған шаралар туралы баяндаған болатын. Әлеуметтік-экономикалық жаңару жолында елеулі мәселелердің болуы ол заңдылық деп түсінеміз. Соған қоса, Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-экономикалық ахуалды тұрақтандыру үшін алдағы жүрер жолымызды айқындайтын аса маңызды бірқатар қосымша тапсырма берді. Мемлекет басшысының берген тапсырмаларын талдай келе мен де өзіндік ой түйіндеп, мемлекетке иек артып отырмай нақты мәселелерді анықтап, соны шешудегі мақсат, міндеттерді айқындау қажеттігін түсіндім.

Әлеуметтік-экономикалық және жедел жаңару бағытында еліміз көптеген реформаларды іске асырып, сол арқылы білікті кадрларды тарту орталығына айналуы тиіс. Жоғары оқу орны оқытушыларының басты міндеті білікті кадр дайындау. Экономикалық



сауаты бар кадр елдің дамуына елеулі үлес қосады деп сенеміз. Ал елдегі экономиканың қарқынды өсуі мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік тұрғыда бағдарлануына мүмкіндік береді, нәтижесінде экономикамыз тұрақты деңгейге жақындайды. Ол үшін сауда алаңдары жұмысының ашық болуы, бағаның өсуін шектеу тетіктерін енгізу қажет. Шын мәнінде, тұрғын үй, жұмыссыздық, аграрлық, қаржылық сектор, шағын және орта бизнестің дамуы, шикізаттық емес салалардың дамуы еркін экономика мен ерікті ұлт жасақтау жолындағы өзекті салалар болып табылады. Осы мәселелер шешімін тапқан ретте, алға жылжитынымыз анық деп ойлаймын.

Өз ойымды аяқтай келе, «Ең басты міндет – азаматтардың өмір сапасын жақсартып, табысын арттыру, мемлекеттік органдардың әрбір шешімі, әрбір әрекеті экономиканы дамытуға және халық игілігіне бағытталуға тиіс» – деп, Мемлекет басшысы атап өткендей, экономикамыз тұрақталғанда, азаматтарымыздың жағдайы жақсаратыны анық. Экономикасы өркендеген өркениетті ел болудағы ұлы мақсаттарымыз бен міндеттеріміздің орындалу жолында аянбай еңбек ете берейік.

Самал АБДЫҚАЛЫҚ,  
Жетісу университетінің  
оқытушы-дәріскері, магистр.

«ЖЕТІСУ СУРЕТТЕРІНДЕГІ»  
ӨСІМДІК АТАУЛАРЫ

25. түйеқұйрық; 26. бауырқұрт; 27. қараған; 28. бозқараған; 29. шеңгел; 30. шілік; 31. сарыкүйік; 32. тауқонақ; 33. шәйшөп; 34. маңқа; 35. құлынөмбес; 36. сүттігән; 37. өндік; 38. мейіз; 39. киізқуик; 40. ақшалғын; 41. көкемарал; 42. бөтеге; 43. раң; 44. жапырақтеңге; 45. бұйра; 46. қисыққиық; 47. балдырған; 48. қорғасын; 49. атқұлақ; 50. жүлкеуір; 51. бәрпі; 52. шырыш; 53. шытыр; 54. мыңтамыр; 55. жуа; 56. рауғаш; 57. жаужапырақ; 58. балауса; 59. сорғыш; 60. селдір; 61. ермен; 62. бақбақ; 63. сыбызғы; 64. жалбыз; 65. құлмақ; 66. қарақияқ; 67. шоңайна; 68. меңдуана; 69. сора; 70. шақпақ; 71. шырмауық; 72. кендір; 73. қылша; 74. жыланқияқ; 75. қанжыға; 76. қоға; 77. сасық; 78. аққой; 79. таусарымсақ; 80. қымыздық; 81. қызсаумалдық; 82. қалақай; 83. шалғын;

84. қамыс; 85. тары; 86. айылқияқ; 87. сепсеқурай; 88. саржағал; 89. құстаңдай; 90. Бұларға қоса ақын өлеңінде аталмаған: 91. самырсын; 92. шырша; 93. терек; (ақтерек, көктерек, мырзатерек); 94. жыңғыл; 95. итмұрын; 96. түйетабан; 97. ши; 98. бидайық; 99. сөлеу; 100. қойбүлдірген; 101. сыйырбүлдірген; 102. мүк; 103. жусан; 104. бұршақ; 105. жоңышқа; 106. қызғалдақ; 107. сарғалдақ; 108. қызылгүл; 109. раушан; 110. райхан; 111. адыраспан; 112. қалампыр; 113. тарғақшөп; 114. беде; 115. құлпынай; 116. бидай; 117. арпа; 118. жүгері; 119. күріш; 120. қызылша; 121. күнбағыс, тағы басқа да жер түгінің аттарын атайық та, түртүсін ажыратайықшы. Әркім өзі білетін жер түгінің атауы мен суретін салса болды ғой. Сол қолымыздан келер».
- Автордың бұл ойын қостаған желі

ынша білім беру бағдарламасының оқытушы-профессорларын бірігіп жұмыс істеуге шақырады!

Бұл орайда Биология мамандығының оқытушылары мен білімгерлері Илияс ақын атап кеткен өсімдіктерді табу, сипатын анықтауға күш жұмсаса, Илиястану орталығы ол өсімдіктердің сипатын ақын мұраларын зерттеу, насихаттау материалдарына қосады деп сенеміз. Ал «Жетісу университеті» газеті «Илияс атаған өсімдіктер» атты сериялы танымдық материал жариялауды қолға алады.

Осылайша, Илияс ақын есімін иеленген білім ордасы – Жетісу университеті Сағатбек Медеубекұлы жолдаған сауалға жауап бере алады деген сенімдеміз.

Жер түгі

Ағашта өзің білген қарағай, тал,  
Жалғыз - ақ неше алуан түрлісі бар.  
Долана, ұшқат, шетен, ырғай,  
арша,  
Ақ сасық, қызыл қайың, барша,  
шынар.  
Шырғанақ, сөңке, терек, сөгет,  
өмен,  
Үйеңкі, шырғай, балғын  
тораңғылар,  
Сары ағаш, қойқарақат, жиде,  
шетен,  
Тобылғы, түйеқұйрық,  
бауырқұрттар;  
Қараған, бозқараған, шеңгел, шілік,  
Сықылды ағаштардың талайы бар.  
Биікте бітеді шөптен сарыкүйік,  
Тістеніп жатыр жұлып малы сүйіп,  
Қымызын сарыкүйіктің, ішеміз деп,  
Албандар қоныстайды құстай биік.

Тауқонақ, шәйшөп, маңқа,  
құлынөмбес,  
Сүттігән, өндік, мейіз, киізқуик,  
Ақшалғын, көкемарал, бөтеге, раң,  
Жапырақтеңге, бұйра қисық иық,  
Балдырған, қорғасын, атқұлақты,  
Елік жүр сонысында соны қиып,  
Жүлкеуір, бәрпі, шырыш, шытыр.  
Сауыны бие емшектің кеп түр ііп.  
Мыңтамыр, жуа, рауғаш,  
жаужапырақ  
Балауса, сорғыш, селдір, ермен,  
бақбақ,  
Сыбызғы, жалбыз, құлмақ, қарақияқ,  
Шоңайна, меңдуана, сора, шақпақ,  
Ішінде сол қурайдың сұлу солар,  
Шырмауық, кендір, қылша,  
жыланқияқ,  
Қанжыға, қоға, сасық, аққой болып,  
Бөлінеді жуалар мен таусарымсақ.  
Қымыздық, қызсаумалдық  
дейтіндерге,

Ат қойған тау елінде сүйіп шын - ақ.  
Өріске біткен осы өңкей сүттің  
Ішінде бір сүйкімсіз отыр бір - ақ:  
Қалақай қара тарғыл ол айтқаным,  
Сүйеді сүйкенгенді шымшып, бұрап.  
Өзге жан өмірі оған жоламайды.  
Теңбекшіп түйе жесе қалар құлап.  
Шалқиды шалғын көлдің  
қамысындай,  
Атқұлақ Тасарықтың тарысындай.  
Үш қырлы, сұлу сырлы айылқияқ,  
Кіндігі қырғыз өрме қамшысындай.  
Селтеңдеп сепсе қурай сырға қадап,  
Саржағал сөлемдеседі танысындай.  
Жуалар шайқаңдаған ол бір кербез,  
Шалма орап мұсылманның  
абызындай.  
Құстаңдай самал соқса  
сыбырласады,  
Әзілді өйел, ажын - абысындай.  
Солармен судырласып ойнайды жел,  
Дүрмектің қақпар тартқан  
шабысындай.  
Неше елді аттандырған құтты  
қоныс,  
Әлі тұр әсемдігі таусылмай.  
Суретін сөз баяндап жеткізе алмас,  
Жерінің Жетісудың бәрі сондай!

# 110 ЛЕТ КУНАЕВУ

В ЭТОМ ГОДУ ИСПОЛНЯЕТСЯ 110 ЛЕТ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ ВИДНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО И ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ, АКАДЕМИКА АКАДЕМИИ НАУК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, ДОКТОРА ТЕХНИЧЕСКИХ НАУК, ТРИЖДЫ ГЕРОЯ ТРУДА ДИНМУХАМЕДА АХМЕДОВИЧА.



Он родился 12 января 1912 года в Алматы и занимал ответственную руководящую должность, внес весомый вклад в развитие горного дела в республике. Время, проведенное у власти, несмотря на то, что оно было сложным, противоречивым, способствовало развитию экономики, социального положения, научной сферы, национальной культуры страны. Работая на партийных и советских должностях различного уровня, не оставаясь в стороне от властной политики центра, не забывал об интересах страны, о будущем.

Автор книги «От Сталина до Горбачева» выступил против планов-предложений Центра по созданию немецкой автономии в Казахстане, передаче Мангыстау Туркменистану. Приложил немало усилий, чтобы превратить Алматы в современный живописный мегаполис. Там возведены крупные здания, как Дворец Республики, городок КазГУ, оздоровительный центр Арасаң, спортивный комплекс Медеу.

Неоднократно избирался депутатом Верховного Совета СССР. Был делегатом всех последующих съездов КПСС, начиная с XIX съезда. Возглавлял делегацию парламента и партии. Являлся членом Президиума Верховного Совета СССР и Президиума Верховного Совета Казахской ССР.

Годы работы его полны успехов. Из пятнадцати республик Советского Союза Казахстан занял третье место после России и Украины. Это свидетельствует о незыблемой самоотверженности на пути подъема экономики страны, улучшения быта народа. Были построены сотни населенных пунктов, 68 рабочих поселков, 43 города, что радовало жителей Казахстана.

22 августа в возрасте 81 года, ушел из жизни человек, заботящийся о нации. 13 ноября 1992 года был создан «Международный Кунаевский фонд», а 12 января 2002 года открылся Дом-музей. 15 августа 2003 года в селе Акши Алакольского района, где провел последние дни своей жизни, был установлен специальный кулпытас.

Имя его является священным для каждого казаха. Ведь он великий сын мудрого народа.

**Жансая ОСПАНОВА,**  
специалист ОНИКНП, преподаватель-лектор высшей школы гуманитарных наук НАО «Жетысусский университет имени Ильяса Жансугурова».



**Д**ОРОГОЙ ЧИТАТЕЛЬ, ЗНАЛИ ЛИ ВЫ ЧТО В СТЕНАХ УНИВЕРСИТЕТА ФУНКЦИОНИРУЕТ УЧЕБНО-ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ ЦЕХ? А ЗАДАВАЛИСЬ ЛИ ВЫ ВОПРОСОМ, ДЛЯ ЧЕГО ОН НУЖЕН? КТО ТАМ РАБОТАЕТ И ЧТО ПРОИЗВОДЯТ? КОЛИ НЕТ, ТО ЭТА СТАТЬЯ ИМЕННО ДЛЯ ВАС...

## ТАЙНЫЙ ЦЕХ

Здесь учатся, пробуют, испытывают. Все-таки знания, полученные в лекционных залах, всегда хочется применить на деле. Наш университет в числе 11 базовых вузов страны участвует в подготовке кадров для Государственной программы индустриально-инновационного развития.

В целях обеспечения внутренних запросов университета и подготовки специалистов, обладающих сформированными знаниями и навыками на практических занятиях по профессиональному образованию, в апреле 2018 года был открыт и оборудован учебно-производственный цех.

Цех общей площадью 288 м<sup>2</sup> состоит из следующих помещений:

- ▶ по обработке древесины и железа — 72 м<sup>2</sup>;
- ▶ по обработке мебели — 144 м<sup>2</sup>;
- ▶ швейный цех — 72 м<sup>2</sup>.

Он расположен во втором учебном корпусе университета.

**Цех по обработке мебели оборудован компьютерными программами устройствами и инструментами:**

- форматно-раскроечный станок 380 Вт;
- присадочный станок 380 Вт;
- кромкооблицовочный станок 380 Вт;
- шлифовальный станок 220 Вт;
- заточный станок для 220 Вт;
- аспирационный насосный станок 220 Вт. А также инструменты для сверления, резки и т.д.

**Цех по обработке древесины и железа снабжен аппаратами:**

- сварочные аппараты;
- сверлильные станки;
- металлообрабатывающие станки;
- деревообрабатывающие станки;
- токарные станки и др.

**А швейный цех обеспечен такими приспособлениями, как:**

- ◆ швейные машинки;
- ◆ машинки оверлок;
- ◆ утюги;
- ◆ манекены и др.

Заведующий цехом Кайрат Сансызбаевич планирует работу учебно-производственного цеха и размещение мебели по запросу, рассчитывает затраты и смотрит за качеством изготовления. Представляет материальную отчетность в бухгалтерию университета. И конечно же, контролирует проведение практических занятий. Мастера цеха строго соблюдают правила техники безопасности и санитарно-гигиенические нормы, составляют эскизы и изготавливают изделия.

Прежде всего студентам создаются условия для обучения. Будущие специалисты осваивают работу на станке, учатся планированию и проектированию предметов, необходимых для изделия. У нас на рынке всегда есть спрос на инженеров высокой квалификации. Так что, студенты, имейте в виду!

В швейном цехе обучаются дизайну, изготовлению эскизов, раскройке, пошиву изделий. В мебельном цехе обучающиеся получают опыт, работая с программой «AutoCAD», «PRO100», «Cutting» по созданию эскизов материалов, черчению, проектированию, сверлению, нанесению рельефа, кромкооблицовке.

**Состав учебно-производственного цеха:**

1. Кайрат Нургалиев заведующий учебно-производственным цехом. Инженер-педагог, магистр профессионального обучения.

2. Нуртас Нуртазаевич старший мастер. Инженер-механик, магистр транспорта, транспортной техники и технологий.

3. Бахытгуль Айтбековна старший мастер. Бакалавр профессионального обучения.

4. Рустем Галымович старший мастер. Бакалавр профессионального обучения.

5. Айгуль Кемелхажиовна мастер. Швея по пошиву детской и мужской одежды.


6. Еламан Манарбекович мастер. Комплектовщик мебели 3 (третьего) разряда.

7. Жасулан Ерланович мастер. Специалист по токарному делу и металлу.

**Этот, тайный для многих, цех полностью обеспечивает Университет необходимой мебелью:**

- ▶ Шкафы для одежды, документов, инвентаря, посуды;
- ▶ Книжные и настенные полки с надписями;
- ▶ Стеллаж;
- ▶ Столы (журнальные, компьютерные) и стулья;
- ▶ Тумбы и табуретки;
- ▶ Кровати;
- ▶ Рамки для зеркал;
- ▶ Подставка для цветов и многое другое.

В целом, со дня основания учебно-производственного цеха изготовил 1925, сшил 1416, переработал 1333 изделий. Это не весь список... Мы выражаем глубокую благодарность и искреннюю признательность коллективу за слаженную, профессиональную работу. Здесь трудится учтивый, внимательный, ответственный персонал.



# КРАСОЧНАЯ ЖИЗНЬ

**КОГДА ЗАДАЕШЬСЯ ВОПРОСАМИ, ЧТО ТАКОЕ ИСКУССТВО И ДЛЯ ЧЕГО ОНО НУЖНО ЧЕЛОВЕКУ, НАЧИНАЕШЬ ЖИТЬ. ТОЛЬКО ЖЕЛАНИЕМ ПОЗНАТЬ МИР, ЖИЗНЬ ОБРЕТАЕТ СМЫСЛ. НАСТОЯЩЕЕ, КОТОРОЕ СОСТОИТ НЕ ИЗ ВРЕМЕНИ, А ИЗ МОМЕНТОВ. ИМЕННО МГНОВЕНИЯ ХОЧЕТСЯ ЗАПЕЧАТЛЕТЬ В ПАМЯТИ, ЧЕМ И ЗАНИМАЕТСЯ ХУДОЖНИК.**

Насколько я знаю, любое творение живёт и привязывается к своему создателю. Картина впитывает в себя часть души изографа, становится в каком-то смысле «живой».

Художество стремится отразить жизнь, познать и превзойти ее, уловить невидимые глазу связи с реальностью, а также выделить тонкие грани бытия. Творчество призвано вдохновлять людей. Чтобы испытать яркие эмоции, мы посещаем обычно выставки и галереи. А мне посчастливилось переживать такой эстетический восторг снова и снова. Почему – спросите вы. А все потому, что я связал свою жизнь именно с этой профессией. Вечно брожу в мире фантазий в поисках душевного подъема.

И черпаю я вдохновение в работах Абиляхана Кастеева. Он же удивительно талантливый автор многих известных и самобытных полотен, как «Колхозная молочная ферма», «Дояние кобылиц», «Уборка хлопка», «Колхозный той», «Насильственный увоз невесты», «Купленная невеста», «Золотое

зерно», «Аксайский карьер», «Высокогорный каток Медео», «Турксиб», «Долина Таласа», «Капчагайская степь». Эти произведения завораживают и удерживают меня возле себя. Слово таинственный дух оживляет их. Он — один из первых акварелистов, познакомивший мир с жизнью казахского народа. Первооткрыватель. Картины этого искусника воспевают всю красоту Казахстана.

Жанрист стал создателем золотой коллекции национальной живописи и сформировал принципы и основы профессиональной школы в казахском изобразительном искусстве. В этом году 118 лет со дня его рождения. Кумира детства не забыть. Мудрый человек с кистью в руках всегда в сердце... Жизнь, судьба иллюстратора навсегда останутся великолепной вершиной этнической культуры.

Вот какой рисунок не возьми для понимания секретов метода, сюжетный центр у Кастеева — это человек. Подбирает цвет таким образом, что он своим присутствием на холсте создает нужное эмоциональное состо-

яние! Мастер работал большими цветовыми плоскостями, но при этом любил тщательно прописанные подробности. Этот симбиоз позволяет создавать тональный ритм такой пронзительной чистоты звучания, который не под силу большинству.


Как, когда-то перед самоучкой, шедшим вперед только благодаря своему природному таланту и упорству, приоткрылся огромный мир, так и я открыл свой космос. Это сложно. Нужно иметь свой странный взгляд, быть сильной личностью с очень твердым стержнем, чтобы на твой состоявшийся внутренний мир не влияло ничего.

Профессия моя связана с общением с пустыми стенами, которые именно я делаю живыми. Жить среди зарисовок, среди запахов красок, это для меня счастье. А судьба и творчество виртуоза демонстрируют ценность подвижничества труда и безграничной преданности искусству, что дает мне силу и уверенность.

Когда у творца есть чудесная способность ощущать прошлую жизнь и волшебное умение проникать в самую ее сердцевину в сочетании с удивительным живописным талантом, это победа. Когда маляр жаждет творить, вживается в сущность каждого героя, не тревожьте его! Он занят созданием особенного, прекрасного.

Алмат ОРЫНБАЙ, ДК-311.

## Чистая душа, нетронутые мысли



Алёна КЛИНЧУК

### Можешь?


Пусть будет всё, как я хочу,  
Настанет миг и впечатление,  
Найдешь всему ты назначение.

Сейчас ты можешь быть разбит,  
А завтра переполнен разными делами.  
Все может резко тормозить,  
Но в жизнь свою вцепись зубами.

И думай лишь о том, что ты все можешь.  
Все можешь ты, ведь разве ты ничтожен?  
И вовсе нет, я знаю, ты все сможешь...

Мой друг, лишь хочется сказать,  
Живи, живи и наслаждайся жизнью.  
Не беги, окутав себя нитью,  
Успей ты сделать вдох, успей дышать.

Придёт всё в правильном порядке,  
Не торопись, не торопись.  
Ведь жизни события ужасно шатки,  
Лучше, в моменты с головой окунься!



Валерия ЗИМИНА

## Трагедия влюбленного поэта

Не услышать голос музы в ответ.  
«Коснись меня тёплым летом» —  
Безутешно кричал он ей вслед.  
Но обернувшись, муза сказала:  
— Больше не зови и не ищи!  
Через год поэта не стало,  
А музе принесли его стихи.


«Прости милая, здесь сохранился  
твой запах,  
Я без тебя словно сам не в себе.  
Я по дому, как псих, хожу в твоих  
халатах» —  
Так написал он на последнем листе.

Муза заплакала, но ничего не вернуть,  
Он на память ей оставил лишь стихи.  
Наверное, в этом и была вся суть,  
Трагедии поэта о любви...

4 и 5 страницы  
подготовлены  
А. МАХИМОВОЙ

ПАРУ ТЕПЛЫХ СЛОВ ОТ НАШИХ СТУДЕНТОВ  
В ХОЛОДНУЮ ЯНВАРСКУЮ ВЬЮГУ

Воспользовавшись случаем, они поздравили своих любимых. Неспроста. А Вы знали, что В Польше 21 и 22 января отмечают дни бабушек и дедушек. Ведь любви много не бывает. Также они поделились с нами сокровенным и рассказали о своих близких...



Моя бабушка Любовь и дедушка Николай. Живут вместе уже 42 года. Они меня вырастили, воспитали, выучили. Сейчас мне 20 и я уже студентка 4-го курса Жетысуского университета имени И. Жансугурова. Всем, что у меня есть в жизни, обязана только им.


Дорогие мои, поздравляю вас! И хочу сказать огромное спасибо за любовь, отдачу, мудрость и терпение, которые вы дарите мне. Желаю крепкого здоровья, взаимной любви и семейного счастья.

Валерия НИКОЛАЕВНА, РЯЛ-411.



Очень жаль, что многие забывают отводить роль другим близким родственникам – бабушке и дедушке. Прежде всего, они знают и помнят корни и традиции твоей семьи. Слушая о значимых событиях прошлого поколения, ты себя невольно ощущаешь частью чего-то большого и значимого, стараешься держать честь и не подвести хранителей истории твоей семьи. Мой дедушка прожил достойную и счастливую жизнь. Он был хорошим мужем, отцом и дедушкой. К сожалению, я не видела дедушку живым, но так много хорошего слышала о нём. Знакомые запомнили его щедрым, добрым, интеллигентным человеком.

Гульнур БАЙМУХАН, ЖК-111.



На земле живет огромное количество людей, но среди них живут два замечательных человека: мои дедушка и бабушка. Во мне Они воспитали любовь к труду и ближнему. Слово мои друзья, причем опытные, надежные и проверенные.

Видя и ощущая большую и бескорыстную любовь, открытое сердце, доброту, в тебе формируются качества не только личности, а достойного человека, которого будут уважать и ценить. Милые, золотые мои! Пусть все будет замечательно, прекрасно, хорошо! Желаю, чтобы у вас было крепкое сибирское здоровье. Пусть тепло и нежность вас никогда не покидают, в окружении витает любовь и взаимопонимание. Спасибо, что есть у меня!

Актолкын АСКАРКЫЗЫ, 2 курс.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ ДЕГЕН НЕ?

**5-қаңтарда Ақордада өткен кеңес кезінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заң әзірлеуді тапсырған еді. 19 қаңтар күні ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов жеке тұлғалардың банкроттығы мәселесі жөнінде кеңес өткізіп, қаржы, әділет министрлері, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы, Ұлттық банк төрағасының орынбасары атқарылып жатқан жұмыс барысы туралы баяндады.**

**Редакция бұл заң туралы мәлімет беру үшін оқырман назарына есеп және қаржы саласы бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі Әсел Беделбаеваның мақаласын ұсынады.**

және қарыздарды өте тиімді шарттармен төлеуге мүмкіндік береді. Бұл үшін қарыз алушының ресми кірісі бұрынғы төлем кестесіне оралу үшін жеткілікті болуы және отбасының өмір сүру қажеттілігіне қатысты қажетті ақша сомасы артылып қалуы керек. Сондықтан іс жүзінде қайта құрылымдау процедура-сы сирек қолданылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жеке тұлғалардың банкроттық рәсімінде көптеген жасырын кемшіліктер бар. Қиын қаржылық жағдайға тап болған қарыз алушыға банкроттық

**Үшіншіден,** жеке тұлғаның соңғы жылдары жасалған мүлікті иеліктен шығару жөніндегі мәмілелері дау тудыруы мүмкін. Мамандар тарапынан жеке тұлғаның соңғы жылдары рәсімделген барлық мәмілелері жалған банкроттықтың белгілеріне қатысты толық тексеріледі. Мұндай жағдай анықталған кезде қарыздар жойылмайды және қосымша алаяқтыққа байланысты істер қозғалуы мүмкін.

Осылайша, Қазақстанда «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңы келесі шарттарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- Банкроттық рәсімі жаппай барлық жеке тұлғаларға қатысты болмайды. Қарыз сомасы аз азаматтар жаңа заңды пайдалана алмайды. Жеке тұлғалардың банкроттығы халықаралық тәжірибеде бұрыннан қолданылып келеді. Басқа елдерде төлемге қабілетсіз азаматтар

# «ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ»

## ЗАҢНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ АЛҒЫШАРТТАРЫ

Қазақстанда «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңды енгізу қажеттілігі туралы 5-6 жыл қатарынан айтылып келді. 2019 жылдың басында тиісті заң жобасы кезекті рет Қаржы министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық Банк және Ұлттық экономика министрлігінің талқылауында болды. Бірақ аталған мәселе бойынша айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Заң шығарушылар қазақстандықтар үшін аса маңызды құжатты қабылдамады және оны талқылауды кірістерді жалпыға бірдей декларациялау рәсімін енгізгеннен кейінгі уақытқа қалдырған болатын.

Сарапшылардың айтуынша, заңды қабылдау бірінші кезекте кредиттік ұйымдардың өздеріне тиімсіз болды, сол себепті процесс тоқтатылған еді.

Ал 2022 жылдың 5-қаңтарында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдегі әлеуметтік-экономикалық ахуал мәселелері жөніндегі кеңесте Үкіметке «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы» Заңды әзірлеуге тез арада кірісуді тапсырды.

Жалпы, банкроттық – қарызды сот арқылы заңды түрде есептен шығару немесе оларды қайта құрылымдау мүмкіндігі. Алайда, бұл банкке тұлғаның төлем қабілетсіздігі туралы мәлімдеу немесе қарыз міндеттемелерінен бас тарту емес, банкроттық сот шешімімен расталатын процесс. Қарыз алушы тұлғаның қаржылық жағдайының күрделілігі дәлелденуі қажет. Ал бұл, өз кезегінде, оңай процесс емес.

Әрине, банкроттық рәсімінде көптеген адамдар өздерінің барлық мүлкін сату арқылы өтелуге келмейтін қарыздарын жою мүмкіндігіне ие болады. Дегенмен «Жеке тұлғаның банкроттығының салдары қандай? Банкроттық мәртебесі жеке



*тұлғаға соншалықты пайдалы ма немесе мәселелерді шешудің басқа жолдарын іздеу керек пе?» – деген сұрақтар туындайды.*

Көптеген адамдар банкроттықты қарызды толық есептен шығарумен байланысты деп ойлайды. Бірақ, бұл қате пікір. Әлемдік тәжірибеде жеке тұлғаның банкроттығы жағдайында қаржылық мәселелерді шешудің келесі сценарийлері қолданылады: қарыздарды қайта құрылымдау және мүлікті сату.

Қайта құрылымдау процесі қарыз алушының төлем тәртібін қалпына келтіруге

мәртебесі қандай қауіп төндіреді?

**Біріншіден,** жеке тұлғалар бұл процедураның қалай іске асырылатынын, неден бастау керектігін, қандай құжаттар пакеті қажет екенін білмейді. Ал кәсіби құқықтық көмектің құны арзан емес екені аян.

**Екіншіден,** банкроттық мәртебесін алу рәсімі өте ұзақ процесс. Себебі, арбитраж менеджеріне мүлікті сатуға белгілі бір уақыт қажет. Кейде процедураның өзі бірнеше жылдарға созылуы мүмкін, ал ілеспе мәселелер және қаржылық шығындар тек арта береді.

үшін төлемнің мерзімін белгілі бір уақытқа шегеруге мүмкіндік беріледі. Егер адам іс жүзінде қарыздарын төлей алса, бірақ жай ғана өз міндеттемелерінен жалтарса, мемлекет оған көмектеспейді.

- Жеке тұлға құжаттарды тапсырмас бұрын және банкроттық рәсімін бастама бұрын мұқият ойлануы керек. Бұл қарыздарды есептен шығару ғана емес, сонымен қатар болашақ өмірге әсер ететін маңызды қадам. Халықаралық практикада банкрот болып табылған тұлғалар белгілі бір қызметті жүргізуде, тауарларды несиеге сатып алу-да шектеулерге тап болады. Тіпті, кейбір елдерде «банкрот» мәртебесі бар тұлғалар мемлекеттік қызметтерде жұмыс істей алмайды. Мұндай қатал шаралар азаматтардың міндеттемелерден жалтару үшін процедураны пайдаланбауы үшін қажет.

- Банкроттықтың салдарынан жеке тұлғаның барлық кірістері бақылауға алынады. Нақты әлеуетті банкрот туралы шешім қабылдау үшін мамандар белгілі бір уақыт аралығында оның барлық кірістері мен мәмілелеріне толық бағалау жүргізеді. «Банкрот» мәртебесі берілгеннен кейін де жеке тұлғаның барлық мәмілелері мен қаржы ағындары қадағалау органдарының бақылауында болатынын ескеру керек.

**Әсел БЕДЕЛБАЕВА, есеп және қаржы саласы бойынша білім беру бағдарламаларының жетекшісі, экономика және бизнес магистрі.**



## БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК – БИІККЕ ӨРЛЕУДІҢ БАСНАЛДАҒЫ



РУХАНИ  
ЖАҢҒЫРУ

Бәсекелік қабілет дегеніміз – ұлттың өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін. Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Ал бұл мақсатқа білім арқылы жетеміз.

Әлеуметтік маңызы зор құндылықтың мән-мағынасын ұғындыру, баланың сана-сезіміне, түйсігіне, мінез-құлқына әсер ететіндей дәрежеде жеткізу ұстаздық шеберлікті талап етеді. Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу – уақыт талабы. Бүгінде оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу міндеті қойылып отыр. Оның себебі оқыту ғана емес, оқу-тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықта жұмыс

атқарып, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті арттыру.

Білімнің негізі мектепте қаланады. Баланың болашақта мықты маман болуы да, саналы азамат болып қалыптасуы да тікелей мектеппен байланысты. Бүгінгі заманның сұранысына жауап беретін, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуға ықпал ететін заманауи мектептер сапалы білім берумен қатар оқушының өзіндік жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады. Бұл дегеніміз – оқушы үнемі ізденісте бола отырып, нақтылы қайнар көздерден алынған мәліметтерді ой елегінен өткізіп, қорытып, тәжірибемен ұштастырады. Біздің облыс ұстаздары да білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, сабақ өткізеді. Ұстаз бен шәкірт бірлесе шығармашылық, тәжірибелік, жобалық тапсырмаларды орындайды, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, зияткерлік байқауларға, олимпиадаларға және біліктіліктерін арттыру мақсатында халықаралық, республикалық семинарларға қатысады.

**Сағадат АЙТКУЛОВА, құқық және экономика факультеті, экономика және сервис саласы бойынша БББ э.ғ.м., оқытушы-дәріскер.**





## МАМАҢДЫҚ - БОЛАШАҒЫМНЫҢ ІРГЕТАСЫ!

Кез-келген жұмыстың қиындығы болады. Тек шыдамды болып, мамандықты жетік меңгеріп, тереңінен танып, шын мәнінде жақсы көрген шәкірт қана «Білім» атты теңіздің тереңіне үңіле алады. Жастардың көпшілігі мамандық таңдауда әрі-сәрі күй кешеді. Көп жағдайда ата-ананың қалауымен немесе диплом үшін оқыса, өз қалауымен мамандық таңдап оқуға түсетіндер аз.

Өмірде қателесуге болмайтын екі нәрсе болса, оның бірі – мамандық таңдау. Қос-қостан диплом алып, қажетімізге жарата алмай жүргенше, бір мамандықты терең игеріп, ерінбей сол жолда қызмет еткен жөн деп білемін.

Заман өзгерген сайын адамдар да жан-жақты жетіліп, қоғам дамып, түрлі мамандықтар пайда болды, олардың шегі көрінер емес. Дегенмен, «Саны бар, сапасы болмаса оның елімізге, өзімізге не пайдасы бар?» деген сұрақ туындайды.

Мен таңдаған мамандық – жаратылыстану саласы бойынша, яғни, биология пәнінің мұғалімі. Бүгінгі күннің талабына сай, өз мамандығымды жетік меңгеріп, еліміздің дамуына үлес қосатын білікті, білімді шәкірт оқытуды мақсат етіп отырмын. Ол үшін, бірінші кезекте, білімімді тереңдетіп, жалықпай ізденуім керек. Себебі, биология тек адаммен ғана емес, барлық тіршілік иесімен тығыз байланысты. Мұқият дайындығым болашаққа деген үмітімді ақтайтынына сенімдімін.

Биология – өзге ғылымдар секілді ертеден қалыптасқан. Ботаника, зоология, анатомия, биология – барлығы мектеп қабырғасында оқылатын пәндер. Оларды тек бір әлем байланыстырады. Әрқайсысын меңгеру арқылы үлкен бір ғылым саласымен танысқандай боласың. Бір жағынан қызықты, әрі оңай секілді. Ғалымдар ондаған жүздеген жылдар бойы зерттеп, кітап бетіне енгізетін тәжірибесін, біз мектепте фундаментін құйып, жоғары оқу орнында оның іргетасын қалап, өмірде қолданысқа енгізіп шатырын жабамыз. Сонда ғана, біз қажеттіні ала алдық деп мақтанышпен

айта аламыз.

Мен таңдаған мамандығымға еш өкінбеймін. Осы мамандықты меңгеру арқылы, мүмкін медицина не болмаса осы ғылыммен тікелей байланысты салаға өз үлесімді қосармын.

XXI ғасыр – кез-келген мамандықты тереңінен меңгеріп, білікті, бәсекеге қабілетті маман болуға мүмкіндік беретін ғасыр. Өзімізге қажеттіні кез-келген жерде отырып, оқып, біле аламыз. Біздің міндетіміз, сол дайынды игеріп, өмірде қолдану.

Дәрігерлер емдейді, ғалымдар түрлі тәжірибелер арқылы үлкен жетістіктерге жетеді, тарихшылар өткеніміз бен бүгінгіні ұштастырып тарихты жазады. Бірақ, бәрінің де жол көрсетер ұстазы болған. Бүгінгі күні шәкірт болсам, ертеңгі күнгі саналы ұрпақтың Ұстазы боларым анық. Дәлірек айтқанда, ұстаздың да ұстазы, шәкірттің де өз шәкірті болады.

«Шабытыңды шарықтат, сонда ғалам сен үшін бұрын қамал тұрған жерлерден жол ашады» – деген екен ағылшын ойшылы Джозеф Кэмпбэлл. Шынымен де, адамдар мамандықты жүрегінің қалауы бойынша таңдауы керек. Өйткені, әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына тікелей байланысты. Өз ісін жақсы көріп, асқан жауапкершілікпен атқарғанда ғана адам өзін бақытты сезінеді екен.

Ең бастысы – сенім.

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы: «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап, Әуре етеді, ішінен қулық сақтап. Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,

Еңбегің мен ақылың екі жақтап, – дегендей, білікті де, білімді маман болу тек өзіміздің қолымызда. Оған ешкім кедергі келтіре алмайды. Болашақта еліміз дамыған, өркендеген мемлекет болуы үшін, ұрпағымыз саналы, салауатты болуы үшін, бәріміз ерінбей еңбек етуіміз қажет. Болашақ біздің қолымызда!

**Айым БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,**  
жаратылыстану факультеті  
«Биология» білім беру  
бағдарламасының 1 курс білімгері.

## СУЫҚ МЕЗГІЛДЕ ЕРІНГЕ ҚАЛАЙ КҮТІМ ЖАСАЙМЫЗ?

Ерін суық мезгілде жиі жарылады. Жарылған ерін әдемі көрінбейді және жағымсыздық тудырады. Нәліктен ерін жарылады және суық мезгілде оған қалай күтім жасау керек?

Тері май бездері арқылы ылғалданады, ал ерінде май бездері өте аз. Сондықтан ерін терісі ылғалды ұстап тұра алмайды. Сол үшін де ерін косметикалық құралдардың қосымша күтімін қажет етеді. Күтімнің жоқтығынан ерін құрғап, қабыршақтануы мүмкін.

Сондай-ақ, еріннің құрғауына көп уақытымыз кететін жердің ауасы да әсер етеді. Мысалы, жылытқыштың кесірінен бөлменің ауасы өте құрғақ болса, ерін де міндетті түрде ылғалды жоғалтады. Ылғалдылық деңгейі 40%-60% аралығында болуы керек, бірақ қыста көпшілік үйде ол 30%-ға өрең жетеді. Сондықтан тек ерін терісінің емес, жалпы ағзаның денсаулығы үшін ауа ылғалдандырғыш құрал алған жөн.

Адам күйзеліске ұшырағанда оны түрлі әдістермен түсіруге тырысады. Мұндай кезде кейбіреулер санасыз түрде ерін тістейді. Сол секілді біреулер ерін жалай береді. Бұл әдеттер көп ұзамай еріннің жарылуына өкеледі.

Мұрын бітелгенде бірден ерін жарылады. Себебі ондай кезде адам ауызбен демала бастайды. Мұндай жағдайда алдымен тұмау белгілерінен арылу қажет.

Монша мен бассейндерді жақсы көретін адамдардың да еріндері жиі жарылады, себебі хлорланған су еріннің нәзік терісіне агрессивті әсер етеді.

Сонымен қатар, ерінге тіс пастасы көп мөлшерде тисе, ол қабыршақтана бастауы мүмкін. Бұл оның құрамымен байланысты: әдетте, тіс пастасының құрамында құрғататын эфир майлары мен ментол болады.

Ағзадағы кей процестердің себебінен де ерін жарылуы мүмкін:

- Сусыздану. Егер күні бойы қарапайым су ішуді ұмытып, кофе мен шай ішкенді жақсы көрсең, ағза сусызданады;

- Еріндегі ұшық;

- Пайдалы бактериялар жетіспей, «зиянды» бактериялар көп болғандағы ішектер жағдайы;

- Тағамдық және косметикалық өнімдерге, дәрілерге аллергия;

- Тері ауруы;

- Жұқпалар;

- Дәрумендер мен микроэлементтердің жетіспеуі.

Егер ерін жарылуы қатты жағымсыздық тудырса немесе жиі қайталанса, дәрігерге көрініп, себебін анықтаған жөн.

Суық мезгілде ерінге қалай күтім жасаймыз?

- Суық мезгілде жарылған ерінге скраб қолданбаңыз. Скрабтар жарылған ерінді одан сайын зақымдайды;

- Ерін далабының құрамына мән беріңіз. Ерінді суықтан қорғау үшін минералды майлар мен балауыз негізінде жасалған ерін далаптары мен бальзамдарды қолданыңыз. Олар ерінді суықтан қорғап тұру үшін әр бірнеше сағат сайын қайта жағуды ұмытпау керек. Күңгірт ерін далаптары жылтыр далаптарға қарағанда ерінді қатты құрғатады. Сондықтан күңгірт ерін далабын суық мерзімде жиі қолданбаған жөн;

- Дәруменді тағамдар жеңіз. Көкөністер мен жемістерді уақытылы жеңіз. Егер мүмкіндік болса, дәрігерге қаралып, анализдер тапсырып, ағзаға қай дәрумен жетіспейтінін анықтаған дұрыс;

- Еріндегі жарықшаны мазьбен емдеңіз. Суықтан пайда болған мұндай жарықшаны пантенол негізінде жасалған мазь кетіре алады;

- Ерінге арналған патчи қолданыңыз. Құрамында гиалурон қышқылы және пайдалы өсімдіктер сығындылары бар патчи таңдаңыз. Олардың көмегімен ерінді жылдам ылғалдандыруға болады;

- Егер медициналық маска кисеңіз, ерінді қорғаңыз. Масканы ұзақ тағу парниктік әсер беруі мүмкін. Масканы шешкен кездегі температуралар қайшылығы нәзік терінің қабыршақтануына ықпал етпес үшін міндетті түрде ерінді бальзаммен ылғалдандырып жүріңіз.

Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz>



## КӨҢІЛ АЙТУ

**Кәрім Тұрлыхан Биакметұлы** Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Халықаралық және республикалық сықақшылар байқауының лауреаты. Семей өңірінде дүниеге келген. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алған. «Балқаш өңірі» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, «Октябрь туы» газетінде тілші болған. Қалалық «Талдықорған» газетінің алғашқы редакторы. «Еркек қалай күн көрер?», «Күлдіргім келіп тұрады», «Махаббат оты сөнбейді» сынды бірнеше кітаптың авторы. 2013-2016 жылдар аралығында Жетісу университетінде журналистика және филология кафедрасында оқытушы, 2016-2019 жылдар аралығында «Жетісу университеті» газетінде журналист болып қызмет етті.

«Жетісу университеті» газетінің ұжымы марқұмның жарына, балалары мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады.

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

● Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

### Медиаорталық басшысы Баян Шаянбаева

Бас редактор: Н. Дутбаева  
Тілші: С. Әшірбекова

Корректор: А. Махимова

Дизайнер: Н. Елшібеков

Фотограф: І. Базарханов

### МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Талдықорған қаласы,

Жансүгіров көшесі, 187а.

Байланыс телефоны: 223329

Индекс 64568

Тапсырыс №111

Таралым 2000 дана